

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісіне

2023 жылғы 12 қаңтардағы  
№ ДС-9 хатқа

### Құрметті депутаттар!

Сіздердің тарихи-мәдени нысандарды сақтау, қорғау және бақылау мәселелері бойынша сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Елімізде археологиялық қазбаларды жүргізу тәртібі «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңында (бұдан әрі – Заң) айқындалған. Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), құқық қорғау органдары мен әкімдіктер бұл салада заңнаманың сақталуын қатаң қадағалайды.

Заңның 33-бабына сәйкес археологиялық жұмыстар уәкілетті орган бекіткен арнайы жоспардың негізінде жүзеге асырылады. Археологиялық қазбаларды жоспардан тыс жүргізуге тыйым салынған. Жоспар мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде бір жылға жасалады. 2022 жылғы республика бойынша 68 археологиялық қазба жүргізілсе, 2023 жылы 79 археологиялық жобаны іске асыру көзделген.

Заңның 12-бабына сәйкес археологиялық жұмыстарды жүргізу қызметі лицензияланады. Лицензия алуға үміткер ұйымда міндетті түрде тәжірибелі ғалымдар мен мамандар жұмыс істеуі тиіс. Лицензияны жергілікті атқарушы органдармен келісе отырып, уәкілетті орган береді. Бүгінгі күні археологиялық қазбаларды жүргізуге 24 ұйымның лицензиясы бар.

Қазбалар барысында табылған материалдар тіркелгеннен кейін мемлекеттік музейлерге тапсырылады. Археологиялық ізденістер аяқталғаннан кейін лицензиат 10 күннің ішінде Министрлікке есеп береді.

Заңсыз археология қазбалары үшін Қылмыстық кодексінің 295-бабына сәйкес жауапкершілік қарастырылған.

**Анықтама ретінде:** археология саласында заң бұзушылық жасаған тұлға 2000 АЕК көлемінде айыппұл төлейді немесе 600 сағатқа дейін мерзімде қоғамдық жұмыстарға

тартылады не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады. Іздестірудің арнайы құралдары қолданған жағдайда (металл іздегіштер, радарлар, магниттік аспаптар) жауапкершілік 5000 АЕК-ке дейін немесе қоғамдық жұмыстарда 1200 сағатқа дейін ұлғайтылады, сондай-ақ қылмыскер 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Республикалық деңгейде қазбалар «Ғылым туралы» Заңында белгіленген тәртіппен конкурс негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте конкурстарға келіп түскен өтініштер Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өтіп, Ұлттық ғылыми кеңестің отырысында қаралады. Жергілікті деңгейде археологиялық жұмыстар мемлекеттік сатып алу конкурсының негізінде жүргізіледі.

Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін әкімдіктер жүргізеді. Республикалық маңызы бар мәдени мұра нысандарды Министрлік есепке алады. Бүгінгі күні республикалық маңызы бар 254 ескерткіш, ал жергілікті маңызы бар 12 мыңнан аса ескерткіш тіркелген және Заңмен қорғалған.

Зерттелген ескерткіштерді сақтау үшін мамандар оларды әдетте консервациялайды. Музейлендіру жұмыстары бірегей ескерткіштерге жүргізіледі. Бүгінгі күні Министрлік Отырар, Ежелгі Тараз, Қызылоба, Жанкент қалашықтары, Берел, Бесшатыр қорғандары сынды мәдени мұра объектілерін музейлендірді.

Былтырдан бері әкімдіктер петроглифтер картасын жасау мәселесін қолға алуда. Мәселен, Жетісу облысы 2022 жылы Кербұлақ ауданындағы Архарлы петроглифтерін толық паспорттаудан өткізіп, картасын жасады. Сонымен бірге 2011 жылы белгілі ғалым А.Е. Рогожинский бастаған ғылыми топ Қазақстан бойынша тастардағы суреттер, бейнелер картасын жасады.

Тарихи ескерткіштерді қорғау мәселесі ү.ж. 20 қаңтарда өткен Министрліктің алқа отырысында талқыланды. Отырыстың қорытындысы бойынша Министрлікке құқық қорғау органдарымен, әкімдіктермен бірлесіп, заңсыз археологиялық қазбалармен төңірегінде ахуалды зерделеу, өңірлік инспекциялардың қызметін күшейту тапсырылды.

Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау және сақтау мәселесі Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**А. Көлгінов**

Орындаған: Ә. Тұрғанбаев, 745674